

Қазақ әдебиетінде кештеу дамыған жанр түрі — детектив жанры болса керек. Әлбетте, жекелеген әңгіме-повестерде немесе қомақты романдарда детективке келетін оқиғалардың болғаны талас туғырмайды. Десе де, әлемдік әдебиетте ертеден қалыптасқан бұл өз алдына бөлек жанрдың барлық ерекшеліктері мен талабын сақтай отырып жазылған шығармалар тобы ұлттық әдебиетте жазушы Кемел Токаевтың қаламынан шықты десек қателеспейміз.

Аға буын жазушылардың көптеген өкілдері сынды К.Токаев та Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер қаламгерлер қатарынан. Олардың шығармаларының дені сол бір сұрапыл соғыс тақырыбына арналуы әбден заңды. Соғыс атаулы мен қылмысты бөле қарауға болмайтыны сияқты, бейбіт күнде де қатыгездік, зұлымдық сипатымен қоғам шырқын бұзатын қылмыстың адам жүрегіне аяусыз жара-

Детектив жанрының қарлығашы

лайтын сәттері аз емес. Олай болса соғыстың сұмдығын бастан кешкен пенде ғұмыр бойында қылмыс атаулыға жан дүниесімен қарсы тұрады ақиқат.

Кең дүниені танып білмеген балалық шағы 30 жылдардың аштығына тап болып, қилы заман, күрделі кезеңде өкешеше, туған туыстарынан тірідей айырылған бала Кемел жалғыз ағасы Қасым екеуі жетім балалар үйінде ер жетті. Қаршадай кезінде-ақ қайырымы кем қатал ортаның тәртібіне көндіккен Кемел Токаев бар жамандық пен жақсылықты қатар мемлекеттен көрді. Мемлекет, Отан ол үшін өке-шешенің орнын басқан егіз ұғымға айналды. Ортақ игілікті көріп өскен он сегіздегі жас жігіт Отаны үшін от кешіп, жаумен арпалысты. Жалғыз ағасы Қасым да қан майданнан оралмады. Өлшеулі өміріне өшпес мол қасірет өкелген әділетсіздік пен рақымсыздық атаулыға қарсы күрес майдангер-қаламгер Кемелдің басты қағидасына айналды. Ұлы Әуезовтің алдын көріп, кеменгер жазушының өмір бойы үлгі тұтқан К.Токаев журналистика мен әдебиетке жас болса да үлкен өмір мектебінен өткен салмақты дайындықпен келген. Оның қаламынан туындаған “Қастандық”, “Көмескі із”, “Арнаулы тапсырма”, “Сонғы сокқы”, “Сарабанда болған оқиға”, “Түнде атылған оқ” және басқа да туындылары бұл пікірді сөзсіз растайды. Жазушының соқталы шығармаларының бірі — “Сонғы сокқы” романы тарихи фактілерге сүйеніп, аумалы-төкпелі замандағы ел өмірін жан-жақты зерттеген, саяси, әлеуметтік ахуалдың тынысын тап басып көрсеткен елеулі еңбек ретінде бағаланды.

Жазушы өзінің әрбір шығармасында өмір сүрудің бір-біріне мүлде қарама-қайшы екі арнасымен тіршілік кешіп жатқан кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесіне үніле отырып, әділдік пен зұлымдық, қуаныш пен қайғы және ерлік еңбек пен жеке басты ғана ойлайтын арам пиғыл арасындағы бітпес майданды суреттейді. Әрине, кең дүние есігін ашып өмірге келген әрбір адам қылмыскер болайын деп тумас. Алайда “тағдыр” деп аталатын Аллаһының маңдайға жазған жазуынан ешкімнің аттап кете алмайтыны ол да мәлім. Катпары мол, қалтарысы терең, ойлы-шұңқырлы өмір соқпағынан баршаның бірдей сүрінбей өте алмайтыны, бәлкім, сол жазмыштан болар. Детектив жанрының осы тұрғыдағы күрделі ерекшеліктерін шебер игерген автор өз туындыларында “өмірге адам болып келген” кейіпкерлерінің қылмыс қақпанына қалай түсетіндігін түсіндіруге әрекет жасайды. Жаратылыстың ерте дәуірінде-ақ бірін-бірі өлтірген Кабыл, Әбіл деген ағайындар екі жігіттің әрекетінен басталды дейтін қылмыс ұғымының түрі мен мазмұны заманмен қатар, кейде, тіпті озып та кетіп, түрленіп отыруына қарағанда, оның құпиясын түсінудің түпсіздігі алдан шығады. Бірақ, ылайым ізгілікті мұрат тұтушы адамзаттың жақсылықтан ғана үмітін үзбейтіні хақ. Күні бүгінге дейін жасалып келе жатқан ең өйгілі деген өнер туындыларының түпкі идеясы



Кемел Токаев

— парасат салтанатын паш етері сондықтан болар.

Қазақта “Әке көрген — оқ жонар, шеше көрген — тон пішер” деген ұлағаты сөз бар. Халықтың қазыналы ойының терең қойнауынан сүзіліп шыққан бұл философиялық тұжырым ұрпақ жалғастығы мен дәстүр сабақтастығының бұлжымас қағидасын білдірмек. Қоныр тіршілік кешкен қарапайым жан болсын, немесе ұлы Абай өсиет еткендей “атаның ұлы емес, адамның ұлы болып” елін өрге сүйреген ерен тұлға — ең алдымен өз өкешесінің перзенті. “Ата-ананды Меккеге үш мәрте аркалап апарсаң да қарызыңан құтыла алмайсың” дейтін халық даналығы да кейінгі ұрпақтың аға ұрпақ алдындағы мәңгілік борышын еске салып отыру мақсатында айтылса керек. “Құс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі” дегендей, әрбір адам отбасында алған тәрбиесі мен көрген үлгісіне табан тіреп өмір сүреді, ата-ананың үмітін, ұстазының берген білімін, халқының сенімін ақтап парызын өтеуге тырысады.

Қаламгер Кемел Токаевтың тұңғышы тәуелсіз мемлекетіміздің туын тіпсікен қайраткер, әлемдік деңгейдегі саясаткер, еліміздің сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Токаев өзінің “Әке туралы толғау” кітабында: “Өткенге ой көзін жіберіп, тәуелсіз Қазақстанның негізін ерлік еңбекпен қалаған аға ұрпақтың қалай өмір сүргендігін, XX ғасырдың 20 жылдары дүниеге келген құрдастары секілді сол бір аласапыран шақтың бар ауыртпашылығын мойнымен көтерген, қаршадайынан тұлдыр жетім қалып, қайырымы жоқ қатыгез дүниеде тірі қалу үшін тырбанып тіршілік еткен, өз еркінен тыс майданға алынып өмірі жана басталған бозбала шағында тағы да ажалмен бет-бет келген, соғыстан кейінгі сүренсіз жылдарды басынан өткерген әкем Кемел Токаевтың өмірі мен мақсат-мұраты жөнінде ашық айтып беруді перзенттік парызы санадым”, — деп тебіренеді.

Кемел мен оның сүйікті жары Тұрардың шуағы мол, шапағатқа толы, мемлекет, Отан ұғымдары әрдайым биік саналатын өнегелі отбасы тәрбиесінің жемісі бір әулеттің шеңберінен шығып, елдік ауқымды қамтыды. Жазушы-өкешінің шығармашылық шын бақыты да осы шығар. Өкініштісі сол — перзентінің бойына мемлекетшілдік, адамзаттық ұғымдарды сіңіріп өткен абзал өке ата-аналық еңбегінің зая кетпей, тұлға тәрбиелеп өсіргенін көре алмай, жетімдік балалық шақ пен соғыс жалмаған жастық кезінде жүрекке түскен қасірет зардабынан болар, ерте көз жұмды.

Кенестік жүйе балалық шағының бақытын ұрлап, қаталдық пен қатыгездік ортада ерте есейткен қаламгер, майдангер Кемел Токаев сол жүйе оның туған халқына тағы бір қырып тастауға ашық бет алған сәтін көрмей, одан бір ай ғана бұрын көз жұмды. Онсыз да қиындығы мол болған қысқа өмірмен ерте қоштасып, көп арманын өзімен бірге ала кеткен жүрегі жаралы жазушының Жаратқан ие тағы да азайса салғысы келмеген шығар, бәлкім.

Айдар ҚЫРЫҚБАЙ

ЖОҒЫМЫЗ БЕН БАРЫМЫЗҒА ЖҮГІНДІРЕТІН ЖИНАҚ

Еліміз тәуелсіздік алып өз алдына дербес мемлекет болғанына да 15 жыл. Бұл тарих төрінен қараған адамға оншалықты көп уақыт емес. Дегенмен осы жылдар ішінде Қазақстан өзінің экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қарқынды дамып келе жатқан ел екенін дәлелдеп үлгерді. Бұл пікірімізге жақында ғана белгілі публицист, қаламгер Кенжеболат Жолдыбайдың Алматыдағы “Өлке” баспасынан жарық көрген “Время жить и творить” атты жинағын парактаған адам көз жеткізеді. Аталмыш жинақ еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша шығып отыр.

Кітаптың “Экономикалық тұрақты дамудың халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына өсері” (“От стабильного экономического развития к росту социального благополучия населения”) атты алғашқы тарауында автор еліміздегі халықтың әлеуметтік жағдайының күн санап жақсарып келе жатқанын “Время собирать камни” атты мақаласында нақты дәлелдермен көрсетіп кетеді. Сондай-ақ осы тараудағы “Час испытаний” атты мақаласында да бүгінгі таңдағы қазақ ауылдарындағы экономикалық-әлеуметтік даму жолындағы жетістіктер жайлы оқырманмен ой бөліседі. “Мемлекеттік тіл: ізденістер мен шешімдер” (Государственный язык: поиски и решения) атты екінші тарауда соңғы кезде өзекті мәселенің біріне айналып отырған мемлекеттік тіл мәселесінің дамуы мен өркендеуі жайлы толғаулар мен публицистикалық ой пікірлері орын алған. Мәселен осы тараудағы “Возрождается язык — возраждается нация”, “Не замалчивать проблему государственного языка” секілді мақалаларды оқи отырып өз жерінде отырып өгей баланың халін кешіп отырған қазақ тілінің болашағы бар екеніне сенесіз.

Осы кітаптың үшінші тарауы “Восхождение” деп аталыпты. Неге бұлай аталға-

нын аталмыш тараудан орын алған әр түрлі сипаттағы мақалаларды оқыған адам бірден түсінеді. Кез келген адам болсын, мемлекет болсын алдына биікке шығу туралы мақсат қояры анық. Біздің жас қазақ мемлекеті де алдына биік мақсат пен арман мүлде қоя білген ел. Және ол мақсат пен арманға жету үшін барлық күш жігерін жұмсап келеді. Міне автор осы тарауда біз айтып отырған Қазақстанның биіктікпен жарқын болашақ жолындағы іс әрекеттерін сөз қылады.

“Өзіндік көзқарас, жеке пікір, қоғамның өзекті мәселелері жайлы толғау” (“Собственный взгляд, личные мнения, суждения, заметки по актуальным вопросам общества”). Бұл біз сөз қылып отырған жинақтың төртінші тарауына берілген атауы. Осы соңғы тарауда орын алған “За диалог на основе взаиморасположения”, “Гласное — открытость и доступность”, “Благородная миссия” сынды мақалаларда Президентіміздің жыл сайынғы Қазақстан халқына жеткізілген Жолдауында айтылған жан-жақты мәселелердің атқарылуымен жүзеге асуы тұрғысында жеткен жетістіктеріміз жайлы кеңінен толғанады. Жалпы алғанда негізгі төрт тараудан тұратын публицистикалық очерктерден құралған жана жинақ еліміз халқынан қызу қолдау тапқан “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасының орындалу бағдары, осы жолда жеткен жетістіктеріміз жан-жақты талдана отырып айтылады.

Тағы бір айта кетерлік мәселе осы жинақты оқып отырған оқырман соңғы кезде журналистика саласында көп кезікпей кеткен очерк жанрының жана үлгісімен танысуға мүмкіндік алады.

Ең бастысы кітап тәуелсіз елдің тұғырлы болашағы нық екеніне көзіндіріп жеткізеді. Лайым солай болғай да.

Нұрболат АДЫРБЕК

МАҢЫЗДЫ МАҒЛҰМАТНАМА

Исі түркі сахрасына Шарқы сахафияты-цивилизациясының, соның ішінде Ислам мен Ислам мәдениетінің ерте ортағасырларда-ақ шым-шымдап ене бастауына Сыр бойының атқарған қызметінің ерекше екендігі біраздан бері ашық айтылып жүр. Бірақ та оған жеткілікті түрде кеуіл бола қойған ұжымды не мәртебелі басшыларды өз басым әлге дейін көре қойған жоқпын. Жана ғасырдың соңғы жылдарында осы үлкен шаруа Қызылорда уәләйатына Икрам Адырбеков басшы болып келгелі бермен шындап қолға алына бастады. Оның бір куәсі ретінде уәләйәт әкімінің үстіміздегі 2006 жылды “Өнер жылы” деп жариялағанын айтуға болады. Соның нәтижесінде бір жылдың ішінде біраз шаруаның басы қайырылып тасталды: Сыр сүлейлерінің асыл мұралары жинақталып, жеке-жеке кітап боп жарық көре бастады; ұлы бәһадүр Жалаңтөстің, Сыр сүлеі Карасакал Ерімбеттің, азуымен от шайнаған сықақшы А.Тоқағамбетұлының, күміс көмей жырау Көшеней Рүстембекұлының, ауызша шығарылған әдебиеттің жанашыры Мардан Бөйділдіұлы мен және де басқа көрнекті азаматтардың белгілі бір мүшел жасқа толған тойлары аталып өтті. Енді жақында Сыр бойының күллі тарихынан сыр шертетін мағлұматнама-энциклопедия алтынмен апталып, күміспен күптеліп, 4000 дана етіп, уәләйәттың тікелей қаражат бөлуінің нәтижесінде жарыққа шығарылды.

Бұл мағлұматнамада Сыр бойының тарихына қысқаша шолу жасалып, сонау ұлы Қорқыт бабадан бастап, бүгінгі ел азаматтарының есімдері тізімделіп, бұрын оқушы жұртшылыққа таныс емес қызықты деректер молынан беріліпті. Сонымен бірге Сыр бойында бағзы замандардың көзі ретінде сақталып қалған неше түрлі шәһарлар мен қорғандардың, ұйтамдар мен жөдігерліктердің тарихы қарапайым да түсінікті тілмен баяндалыпты. Осы тізімге енген Жезд, Жанкент, Баршынкент, Сауран, Аламесек, Ақмешіт, Қосқорғандардың өздері оқушының көз алдына көне тарихтың шежіресін киноленташа еріксіз тарталды.

Мағлұматнамада Қызылорда уәләйәтының кешегі Кеңес заманы мен бүгінгі жағдайы да жеткілікті түрде сөз болған. Онда Қокан мен Хиуа хандығының, Бұхара эмиратының Сыр бойына қашан келгендігі, орыс патшасының қалайша орам алғандығы, уәләйәттың бүгінгі жағдайы жөнінде келтірілген қызықты деректер көп-ақ. Бұл жағынан алғанда, мағлұматнама өз қызметін толығымен атқарып тұр.

Дегенмен де бұл мағлұматнама уәләйәт басшылығының тарапынан жасалып отырған алғашқы қалам болғандықтан, оны шығару барысында жіберілген аздаған өттеген-айлардың болуы заңды. Оның үстіне Сыр бойының жағдайын жақсы білмейтін авторлар көбірек қатысқандықтан, әрі осы кітапты облыстың қаражатына тапсырма ретінде шығарып отырған “Қазақ энциклопедиясы” баспасының көп ретте тізеге салып жіберген жерлері болғандықтан, ислам дінінің Сыр сахрасына қалай тарағандығының жай-жапсары жайлы жазылған мақаланың жоқтығы, Сыр өңіріне тікелей қатынасы жоқ азаматтардың есімдерінің еніп кетуі, елге аттары мәшһүр бұрынғы билер мен басшылардың біразының ұмыт қалуы, кейбір мақалалардың жеріне жеткізіле жазылмауы т.б. ұшырасып қалады. Бір ғана мысал. Кітаптағы “Басықара” және “Басықара каналы” деген мақалада (160-б.) Басықара деген есім тек қана жер атауы ретінде беріліпті. Мұнда атакты Басықара, Көбек билер туралы бір де бір сөз жоқ. Міне, осындай қызықты деректердің ұмыт қалуы мына мағлұматнаманы жазғандардың қатарына Сыр өңірінің жағдайын шала білетін, тіпте білмейтіндердің ентелей еніп кеткендігінен шығып жатыр. Соның салдарынан Сыр бойының тарихына, бүгінгіне қатысты кейбір дүниелер назардан тыс қалыпты. Оның есесіне өлгіндей өсіре “білгіштердің” кінәсінен кезінде Сыр сахрасын жаулап алушылардың белсенді әскери үкелі болған Г.Н.Ковтунов жайында сала құлаш мақала енгізіліпті. Мұның өзі Кеңес заманында ой өрісі мен жалпы түсінігі сол кезгі пікірнаманың негізінде қалыптасқан “Қазақ энциклопедиясы” баспасының ескі стандарттан өлге дейін шыға алмай жүргендігін анық көрсетеді. Ол кезгі жазылмаған заң бойынша, кітапқа кететін қаржыны қазына бөлетіндіктен, авторлардың хақы оңарлықпен бұзылып, оның жеке пікірі субъективизм-зауатшылық деп түсініліп, мемлекет баспасының ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс боп есептелетін. Бұл жолы да “Қазақ энциклопедиясы” ескі жолдан шыға алмай, өздерінің жеке жеке кәсіп қып, үкімет қазынадан жыл сайын өздеріне бөлетін қаржыдан тыс пайда тауып отырғандығын ұмытып кеткенге ұқсайды. Ал шындығына келгенде, бұл арада баспаның өздеріне тапсырма берген жақтың талап-тілегін ісіндегінен орындауы керек. Бұл жағынан алғанда, айтатын сын баршылық.

Бекділла АЛДАМЖАРОВ